



СӨЖ

Тақырыбы: Бет-жақ аймағындағы лимфа жүйесі.



Орындаған: Әбиан Жансәуле
Факультет: Стоматология
Курс: III
Тобы: Ст 14-01
Тексерген: Өмірәлі Рауан.

Алматы-201

ЖОСПАР:

- КІРІСПЕ
- НЕГІЗГІ


- Лимфа жүйесі туралы;
- Топографиясы;
- Қызметі;
- Қорытынды;



КІРІСПЕ

? Лимфа жүйесі - жүрек-қан тамырлар жүйесінің бір бөлігі. Лимфа жүйесі арқылы ұлпалардан қантамырларға су, нәруыз, май, зат алмасу өнімдері қайта өтеді. Бұл жүйемен мөлдір, түссіз сұйықтық - лимфа ағады.^[1] Лимфа қанға ұқсас болғанмен құрамында нәруыз өте аз және онда эритроциттер болмайды. Лимфа тамырларының қантамырлардан айырмашылығы - лимфа тамырларымен сұйықтық тек бір бағыт бойынша жүрекке қарай ағады. Лимфа жүйесінде артерияларға ұқсас тамырлар болмайды, тек лимфа қылтамырлары болады.

? Лимфа қылтамырларының қантамыр қылтамырларынан айырмашылығы — лимфа қылтамырларының бір ұшы тұйық. Олар ұлпа жасушаларының арасынан басталады. Қылтамырлар қантамырларына қарағанда лимфалық қылтамырлардың қабырғасы өте жұқа. Қантамыр қылтамырларының екі ұшы да ашық. Лимфа қылтамырлары ми, жұлын, шеміршек, қағанак, көз бұршағынан басқа мүшелердің бәрін торлап жатады.




? Лимфа қылтамырлары лимфа тамырларына бірігеді, оның ішкі бетінде қақпақшалары бар. Ол қақпақшалар лимфа сұйықтығының бір бағытка (жүрекке) қарай ағуын қамтамасыз етеді. Екі ірі лимфа тамырлары жүректің қасындағы үлкен қанайналу шеңберінің ірі вена қантамырларына қосылады. Лимфа сұйықтығы вена қанымен араласып, жүректің оң жақ жүрекшесіне құйылады.


Бастағы және мойындағы лимфа тамырлары және бездері (Р. Д.

Синельникову)

- 1 — glandula parotis;
- 2 — nodi lymphatici occipitales;
- 3 — nodi lymphatici auriculares poster.
- 4 — nodi lymphatici cervicales profundi superiores;
- 5 — v. jugularis dextra;
- 6 — nodi lymphatici : cales superficiales;
- 7 — nodi lymphatici cervicales profundi inferiores;
- 8 — nodi lymphatici auricu anteriorea;
- 9 — nodi lymphatici submaxillares;
- 10 — nodulus lymphaticus submentalis;
- 11 — a. ca communis dextra;
- 12 — truncus lymphaticus jugularis dexter.



? *Лимфа түйіндері* лимфа тамырларының қосылған жерінде жасушалардың жинақталуынан түзіледі. Олар қантамырлардың айналасында орналасады. Лимфа түйіндерінің пішіні - домалақ, сопақша, үрмебұршақ тәрізді. Лимфа түйіндерінің бір жағы ішке қарай кіріңкі, ойыстау болады. Осы ойыстау жерінде артерия қантамырлары мен жүйкелер орналасқан. Лимфа түйіндерінің сыртын дәнекер ұлпасынан түзілген тығыз қаптама қаптайды. Лимфа түйіндерінің орналасқан жері: қолтық, шап, мойын, күрсақ қуысы, шынтак пен тізенің бүгілісі, астыңғы жақсүйек және т. б. Кейде лимфа түйіндері жиналған бактериялардың әсерінен қабынып, ісіп кетеді. Мысалы, баспамен ауырғанда мойындағы түйіндер іседі (без шошиды). Лимфа түйіндері қан түзілу үдерісіне, ағзаның қорғаныш реакциясына қатысып, лимфа ағынын реттейді. Лимфа түйіндері әр түрлі жұқпалы ауруларды туғызатын бактерияларды қанға жібермей, жояды. Олардың уларын зиянсыз етеді. Лимфа түйіндерінде «қарсыдене» деп аталатын ерекше жасушалар түзіледі. Ірі лимфа тамырларын *лимфа өзектері* деп атайды. Кеуде лимфа өзегі мойын тұсында орналасқан. Сонымен, *лимфа жүйесіне* - *лимфа қылтамырлары, лимфа тамырлары, лимфа түйіндері және лимфа өзектері* жатады.




? Жақ асты лимфа түйіні – In.
mandibularis – жұп, сопақ немесе домалақ пішінді, ұзындығы 2,0-4,5 см, жақ асты сілекей безі мен төменгі жақ сүйегінің ішкі беткейінің аралығында орналасқан. Лимфаны бастың төменгі және жақ бөлігінің терісінен, тістерден, ауыз және мұрын қуысының алдыңғы бөлігінің қабырғаларынан, тілден, үстіңгі және төменгі еріндерден, беттен, сілекей бездерінен жинайды.

? Құлақ маңы лимфа түйіні - *In. parotideus* – жұп, сопақ пішінді, ұзындығы 6-9 см, жақ буынынан төмен орналасқан, алдыңғы бөлігі терімен, ал артқы бөлігі – құлақ маңы сілекей безімен жабылған. Лимфаны бас терісінен және бұлшық етінен, үстіңгі және астыңғы жақтан, көзден, сыртқы құлақтан және бас сүйектен, мұрын қуысының алдыңғы бөлігінің қабырғасынан, үстіңгі және астыңғы еріннен, тістің қызыл иегінен және молярларынан жинайды.

Строение лимфатического узла

Приносящие лимфатические сосуды



? Жұтқыншақ лимфа түйіні (ортаңғы) - *In. retropharyngeus medialis* – жұп, сопақ пішінді, ұзындығы 3-6 см, жұтқыншақ пен бас сүйегінің негізіндегі бас бүгілдіргіштерінің аралығында орналасқан. Лимфаны ауыз қуысының және жұтқыншақ қабырғасынан, тілдің түбінен және терең бөлігінен, мұрын қуысының артқы бөлігінің қабырғасынан, жұтқыншақ бездерінен (миндалиндер), төменгі жақтан, тіл асты және жақ асты сілекей бездерінен, көмейден жинайды.


Мойынның терең лимфа бездері .

1 — жоғарғы, ортаңғы , төменгі ішкі мойындырық вена маңы түйіндер

2 — алдыңғы мүшелер жанындағы: көмей алды, қалқанша безі алды, трахея алды

3 — бүйір мүшелер жанындағы түйіндер

4 — мойынның бүйір үшбұрышындағы түйінлер: жоғарғы (қосымша нерв маңы) және төменгі (бұғана асты артерия тармақтары маңы)



? Бүйір жұтқыншақ лимфа түйіні - *In. retropharyngeus lateralis* – жұп, ұзындығы 4-5 см, атлант қанатының алдында орналасқан және жартылай немесе түгелдей құлақ маңы сілекей безінің артқы бөлігімен жабылған. Лимфаны бас бөліктерінен (тіл, құлақ, ми), жұтқыншақ қабырғасынан, алдыңғы үш мойын омыртқаларынан және оларға бекінген бұлшық еттерден және қалқанша бездің мойын бөлігінен жинайды.

- ? Бұл ауру жайында алғаш рет 1832 жылы Ходжкин жазған. Гистологиялық жіктелуі
Лимфогистиоцитарлы
- ? Склеронодулярлы
- ? Аралас клеткалы
- ? Лимфаның азуы
- ? Лимфогистиоцитарлы түрі - лимфоидтың элементтерінде және гистиоциттерде ерекше пролиферативтік өзгеріс пайда болуымен белгілі болалы. Березовский – Штернберг клеткалары сирек кездеседі.
- ? Нодулярлы склероз түрінде - лимфа түйіндерін бірнеше бөлшектерге бөлетін өрескел талшықты қоспа тіндер пайда болады. Березовский – Штернберг клеткалары көбірек болып, іру ошақтары, нейтрофилдер және гистециттер кездеседі.
- ? Аралас клеткалы түрі - Березовский – Штернберг клеткаларының көптігімен қатар, әр түсті аралас клеткалары және некроз ошақтарынан тұрады.
- ? Лимфоидтың (истощение) азуы - екі түрде болады:
- ? 1) диффузды фиброз – байланыс тіндері ретсіз дамып, клеткалардың саны, оның ішінде, алдымен лимфоциттер азаяды.
- ? 2) Гистецитті түрінде Березовский – Штернберг клеткаларының және атипиялық гистециттардың пролиферациясы байқалады.
- ?

Қолданылған Әдебиеттер

- ? <http://www.eurolab.ua/diseases/2372/>
- ? <http://teamhelp.ru/stomatologiya/giperesteziya-emali-i-tverdykh-tkanej-zubov.html>





Көңіл қойып тыңдағандарыңыз үшін рахмет!

